

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сирия Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Дамаск қаласында Әл-Фарабидің тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салудағы, Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесін қалпына келтірудегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 тамыздағы N 757 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сирия Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Дамаск қаласында Әл-Фарабидің тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салудағы, Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесін қалпына келтірудегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің карауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сирия Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Дамаск қаласында Әл-Фарабидің тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салудағы, Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесін қалпына келтірудегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы

Дамаскіде 2007 жылғы 21 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сирия Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Дамаск қаласында Әл-Фарабидің тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салудағы, Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесін қалпына келтірудегі ынтымақтастық туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сирия Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Дамаск қаласында Әл-Фарабидің тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салудағы, Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесін қалпына келтірудегі ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар", ал жекелеген түрде "Қазақстандық тарап" және "Сириялық тарап" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сирия Араб Республикасының Үкіметі,

екі ел арасында қалыптасқан достық қарым-қатынастардың маңыздылығын ескере отырып,

өзара ынтымақтастықты дамытуға ниет білдіре отырып, мәдени ынтымақтастық халықтар арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытуға және өзара түсіністікті тереңдетуге қызмет ететінін түсіне отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Сириялық тарап (Дамаск қаласының мэриясы) Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салуға Дамаск қаласындағы "Әл әл-Бейт" некрополінің солтүстік-шығыс бөлігінде алаңы 0,22 га жер учаскесін белгілейді.

Қазақстандық тарап жер учаскесінің және тұрғын үйлердің құнына иелеріне өтемақы төлеген соң, Сириялық тарап осы жер учаскесінде орналасқан тұрғын үйлерді екі апта мерзімде бұзуды жүзеге асырады және жер учаскесін Дамаск қаласы мэриясының меншігі ретінде ресімдейді.

Сириялық тарап осы аумақта орналасқан тұрғын үйлерді бұзғаннан соң 30 тәулік ішінде құрылыс жұмыстарын бастау үшін өз қаражаты есебінен қажетті жағдайлар (электрлендіру, сумен жабдықтау, кәріз, телефон орнату) жасайды.

Қазақстандық тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Дамаск қаласында Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салуды жүзеге асыру, Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесін қалпына келтіру үшін қазақстандық бас мердігерді (бұдан әрі - бас мердігер) белгілейді.

2-бап

Қазақстандық тарап Сириялық тараптың келісімі бойынша Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығының және кесенесі құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлейді.

Сириялық тарап Қазақстандық тараптың келісімі бойынша Дамаск қаласында Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесін қалпына келтірудің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлейді.

Қазақстандық тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қаражат шегінде көрсетілген объектілердегі құрылыс және қалпына келтіру жұмыстарын жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес қаржыландырады.

3-бап

Сириялық тарап Қазақстандық тараптың келісімі бойынша Сирия Араб Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес құрылыс компаниясын белгілейді, ол бас мердігермен жасалған шарттың негізінде Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салуды жүзеге асырады.

Сириялық тарап Қазақстандық тараптың келісімі бойынша Сирия Араб Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес мамандандырылған қалпына келтіру ұйымын белгілейді, ол бас мердігермен жасалған шарттың негізінде Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесін қалпына келтіруді жүзеге асырады.

Қажет болған кезде бас мердігер тиісінше Дамаск қаласының мэриясымен және Араб тілі қауымдастығымен Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығы мен кесенесінің және Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесінің жобаларын іске асыру тұрғысында жекелеген келісімдер жасаса алады.

4-бап

Дамаск қаласында Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салу, Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесін қалпына келтіру жұмыстарын бақылау және үйлестіру мақсатында Тараптар әрбір Тараптың үш адамынан тұратын бірлескен комиссия құрады.

Сириялық тарап Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салу, сондай-ақ Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесін қалпына келтіру аяқталғанға дейін Қазақстандық тарап мамандарының жұмысы үшін осы Келісімнің 5-бабында көрсетілген қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге және жәрдем көрсетуге кепілдік береді.

5-бап

С и р и я л ы қ т а р а п :

Сирия Араб Республикасының азаматтары болып табылмайтын жобаларды іске асыруға қатысып отырған бас мердігерді консультанттар мен персоналды жобаларды іске асыру бойынша олар орындаған жұмыстарға, қызметтерге байланысты алынатын кірістерге қатысты Сирия Араб Республикасының заңнамасында белгіленген кез келген салықтардан және басқа да бюджет төлемдерінен босатады;

Қазақстандық тараптың мамандары жеке пайдалануы үшін Сирия Араб Республикасының аумағына әкелінетін немесе Сирия Араб Республикасының аумағынан әкетілетін жеке немесе үй мүлкіне салынатын кез келген тарифтерді, алымдарды, кедендік төлемдерді, импортқа салынатын салықтарды немесе басқа да осындай алымдарды төлеуден босатады;

құрылыс және қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруға қажетті лицензиялар алуды қамтамасыз етеді;

жобаларды іске асыру үшін Сирия Араб Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға, мүлікке немесе басқа да меншікке қатысты кедендік рәсімдерді жеделдетуге қатысты қажетті шаралар қабылданды.

6-бап

Құрылыс және қалпына келтіру жұмыстары аяқталған соң бірлескен комиссия қабылдау-беру актісіне сәйкес орындалған жұмыстарды қабылдап алады және объектіні Сирия тарапына табыс етеді.

Құрылыс аяқталғаннан кейін Тараптар Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығының жұмыс істеуі туралы жеке Келісім жасайды.

7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін, оның ажырамас бөліктері болып табылатын және осы Келісімнің 10-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі м ү м к і н .

Осы Келісім ережелерінің өзгеруі немесе оның қолданысының тоқтатылуы оның қолданыстағы кезеңінде жасалған шарттар (келісім-шарттар) бойынша жобалардың орындалуына олар толық аяқталғанға дейін ықпал етпейтін болады.

8-бап

Осы Келісім ережелерін түсіндіру жөніндегі даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың атқарушы органдары арасындағы келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі.

9-бап

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

10-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап к ү ш і н е е н е д і .

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптар қабылдаған міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болады.

2007 жылғы "21" 10 Дамаск қаласында әрқайсысы қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісім ережелерін түсіндіру бойынша даулар туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Бағдат Әміреев

Қазақстан Республикасының

Египет Араб Республикасындағы

ж ә н е

Сирия Араб Республикасының

Башшар Сабан

Дамаск қаласының

Губернаторы

С и р и я

А р а б

Р е с п у б л и к а с ы н д а ғ ы

Төтенше және Өкілетті Елшісі